

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қарашадағы N 1971 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы» 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 446-құжат; 1999 ж., № 21, 763-құжат; 2005 ж., № 11, 40-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат):

17-баптың 3-тармағындағы «жүргізілген» деген сөз «жүргізілетін» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 6, 44-құжат, 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлшек сауда - тауарларды тұтынушыларға олардың жеке пайдалануы үшін сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

2) әкетуді және (немесе) әкелуді сандық шектеу - квоталарды белгілеу жолымен енгізілуі мүмкін тауарлардың сыртқы саудасын сандық шектеу жөніндегі шаралар;

3) кедендік баждардың квотаішілік ставкасы - белгіленген тарифтік квота шегінде

әкелінетін тауарларға белгіленетін кедендік әкелу бажының ставкасы;

4) кедендік баждардың квотадан тыс ставкасы - белгіленген тарифтік квотадан тыс әкелінетін тауарларға белгіленетін кедендік әкелу бажының ставкасы;

5) көтерме сауда - кейіннен сатуға немесе жеке, отбасылық, үй-ішілік және осыған ұқсас өзге де пайдалануға байланысты емес өзге де мақсаттарға арналған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

6) қоғамдық тамақтандыру - тамақ өнімдерін өндірумен, өңдеумен, өткізумен және тұтынуды ұйымдастырумен байланысты кәсіпкерлік қызмет;

7) отандық тауар брендингі - ұқсас шетелдік тауарлармен салыстырғанда отандық тауарлардың неғұрлым жоғары тұтынушылық сапасына әлеуетті тұтынушының сенімділігін қалыптастыруға бағытталған шаралар кешені;

8) сауда алаңы - сауда объектісінің (жабдық орнатылған, бақылау-кассалық тораптар мен кассалық кабиналар орналасқан, тауарларды қоюға, көрсетуге, ақшалай есеп айырысуды жүргізуге және сатып алушыларға қызмет көрсетуге арналған алаңның) сауда залы алаңының және қызмет көрсету залы алаңының (тауармен таныстыруға, тауарды қарауға және өлшеуге арналған, арнайы жабдықталған үй-жайлар алаңының (ашық алаңшалардың), сатып алушылар үшін өтпе жолдар алаңдарының жиынтығы;

9) сауда қызметі - жеке және заңды тұлғалардың тауарларды сатып алу-сатуды жүзеге асыруға бағытталған кәсіпкерлік қызметі;

10) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - сауда қызметі саласында мемлекеттік реттеуді және үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган ;

11) сауда қызметінің субъектісі - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сауда қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

12) сауда қызметі субъектілерінің тізілімі - сауда қызметімен айналысатын сауда қызметі субъектілері туралы мәліметтердің сауда қызметі объектісін басқарушы қалыптастыратын және осы Заңда белгіленген талаптарға жауап беретін тізбесі;

13) сауда объектісін басқарушы - иелігінде сауда объектісі бар, сауда объектісінің орналасқан жері бойынша салық органында есепте тұрған заңды тұлға;

14) сауда объектісі - сауда қызметінің субъектілері сауда қызметін жүзеге асыру үшін пайдаланатын мүлдіктік кешен ;

15) сауда орны - сатушының (сатушылардың) тауарларды, сауда мүкәммалын қоюға және сатуға арналған тауарлар қорын сақтауға арналған сөремен жабдықталған, сондай-ақ өткізілетін тауарлардың ассортиментін ескере отырып, қажетті санитарлық-техникалық шарттарға сәйкес келетін жұмыс істейтін аймағы;

16) сауда саясаты - осы Заңда белгіленген мақсаттар мен принциптерді іске асыру үшін мемлекеттік органдар жүргізетін ұйымдық, құқықтық, экономикалық, бақылау және өзге де шаралар жиынтығы ;

17) сыртқы сауда (бұдан әрі - сыртқы сауда қызметі) - тауарларды Қазақстан

Республикасынан әкетумен және (немесе) Қазақстан Республикасына әкелумен
б а й л а н ы с т ы с а у д а қ ы з м е т і ;

18) тарифтік квота - мемлекеттің кедендік аумағына үшінші елдерден шығарылған тауарлардың жекелеген түрлерін әкелуді реттейтін, белгілі бір кезең ішінде тауардың белгілі бір санын әкелу кезінде (заттай немесе құндық мәндегі) қолданыстағы кедендік әкелу бажы ставкасымен салыстырғанда кедендік әкелу бажының барынша төмен ставкасын қолдануды көздейтін шара;

19) тауар (осы Заңның мақсаттары үшін) - айналымнан алынбаған, сатуға немесе айырбастауға арналған кез келген еңбек өнімі;

20) тауарлардың жекелеген түрлерін әкелуге және (немесе) әкетуге арналған айрықша құқық - уәкілетті орган беретін лицензияның негізінде берілетін тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты сыртқы сауда қызметін жүзеге асыруға арналған құқық;

21) тауарлардың жекелеген түрлерін әкелуді және (немесе) әкетуді қадағалау - тауарлардың жекелеген түрлерін әкелу және (немесе) әкету серпінінің мониторингі мақсатында белгіленетін уақытша шара;

22) ішкі сауда (ішкі сауда қызметі) - Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын сауда қызметі;

23) экспортты дамыту - Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясат шеңберінде жүзеге асырылатын, өндірушілердің экспорттау қабілетін дамытуды ынталандыратын және экспортқа жәрдемдесу қызметтерін дамытуды көтермелейтін жағдайларды жасауға бағытталған іс-шаралар кешені;

24) Экспортты дамыту және жылжыту жөніндегі ұлттық ұйым - Ұлттық даму институты ;

25) экспортты дамытудың және ынталандырудың институционалдық сервистік қолдау жүйесі - отандық өнімді сыртқы рыноктарға жылжытуға бағытталған шаралар кешені ;

26) экспортты жылжыту - Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде мемлекеттік саясат шеңберінде жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасы экспорттаушыларының сыртқы рыноктарға кіруіне жәрдемдесуге бағытталған іс - ш а р а л а р к е ш е н і . » ;

2) 3 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

4) тармақшадағы «болып табылады.» деген сөздер алып тасталсын;
м ы н а д а й м а з м ұ н д а ғ ы :

5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) қазақстандық тауарлардың шетел рыноктарындағы бәсекеге қабілеттігін арттыру болып табылады.» ;

3) 5-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;

4) 6 - б а п т а :

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу шараларын қабылдайды;

5) сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу шараларын қабылдайды;»;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

«9-1) экспортты ынталандырудың және қолдаудың экономикалық құралдарын қолдану ережесін бекітеді;»;

5) 7 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану жөнінде ұсыныстар әзірлейді және қорытынды дайындайды;»;

5) тармақшадағы «орталық және» деген сөздерден кейін «облыстың,» деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін әзірлейді;

6-2) сауда қызметі субъектілерінің үлгі тізілімінің нысанын әзірлейді және бекітеді;»

мынадай мазмұндағы 10-2) тармақшамен толықтырылсын:

«10-2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының және барлық меншік нысанындағы субъектілердің республикалық және халықаралық маңызы бар көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыруын үйлестіруді жүзеге асырады;»;

11) тармақшадағы «жүзеге асырады.» деген сөздер «жүзеге асырады;» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) экспортты ынталандырудың және қолдаудың экономикалық құралдарын қолдану ережесін әзірлейді.»;

6) 8 - б а п т а :

тақырыбындағы «Республикалық» деген сөз «Облыстың, республикалық» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы «Республикалық» деген сөз «Облыстың, республикалық» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2) және 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең аз нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлейді;

3-2) халықты сауда алаңымен, оның ішінде сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау, халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің нормативтерін

ескере отырып, оларды орналастыру схемаларын бекіту жолымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативіне қол жеткізу жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асырады;

3-3) осы Заңның 31-1-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген мәліметтерді қоспағанда, сауда қызметі субъектілерінің тізілімін үлгі тізілім нысанына сәйкес интернет-ресурсқа орналастырады;»;

4) тармақшадағы «жергілікті» деген сөз алып тасталсын;

7) мынадай мазмұндағы 3-1-тараумен толықтырылсын:
«3-1-тарау. Ішкі сауданы дамытуға жәрдемдесу

14-1-бап. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының сауда қызметін қолдауы

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының сауда қызметін қолдауы мынадай іс-шараларды іске асыру арқылы жүзеге асырылады:

1) сауда инфрақұрылымын дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;

2) сауда қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту және жетілдіру, еңбек рыногын кәсіптік негізде қалыптастыру;

3) сауда қызметінің, оның ішінде отандық өндірістің азық-түлік тауарларын сатуды жүзеге асыратын субъектілерін экономикалық ынталандыру шараларын қолдану;

4) электрондық сауданы дамыту;

5) шекара маңындағы сауданы дамыту;

6) отандық сауда желілерін дамыту.

2. Сауданы дамытуға бағытталған іс-шаралар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін ескере отырып әзірленеді.

14-2-бап. Халықты сауда алаңдарымен қамтамасыз етуді нормалау

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері облыстың аудандық жоспарлау схемасын, облыс орталығының, республикалық маңызы бар қаланың және астананың құрылысын салудың бас жоспарларын, әкімшілік аудандардың аудандық жоспарлау схемасын, аудан орталықтарын, облыстық маңызы бар қалалардың құрылысын салудың бас жоспарларын әзірлеу кезінде ескерілуге тиіс.

2. Уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін әзірлейді.

3. Халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін әзірлеу

кезінде елді мекендердің санаттары, елді мекендегі халықтың құрылымы мен
тығыздығы ескерілуге тиіс»;

8) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«15-бап. Сыртқы сауда қызметін дамыту жөніндегі шаралар
Мыналар сыртқы сауда қызметін дамыту жөніндегі мемлекеттік шаралар болып
табылады:

1) экспорттық кредиттердің кепілдіктері мен оларды сақтандыру жүйелерінің
жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) сыртқы сауда қызметін дамытуға ықпал ететін сауда көрмелерін, жәрмеңкелер
мен өзге де іс-шараларды ұйымдастыру;

3) экспортты дамыту мен жылжытуды сервистік қолдаудың институционалдық
жүйесін құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

4) өз өнімін экспортқа шығару бойынша отандық тауар өндірушілердің
шығындарын өтеу түрінде экономикалық ынталандыру құралдары.

Маркетингтік зерттеулер жүргізуге; мамандардың біліктілігін арттыруға; сыртқы
рынок үшін тауарлардың жаңа түрлерін өндіруге; шет елдердегі отандық тауарлардың
брендингіне; интернет-ресурс құруға және шет елдерде тарату үшін баспа өнімдерін
дайындауға байланысты іс-шаралар бойынша шығындар өтеледі;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сыртқы сауда қызметін
ынталандырудың және көтермелеудің өзге де нысандарын іске асыру.»;

9) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:
«15-1-бап. Экспортты дамыту және жылжыту жөніндегі ұлттық
ұйымның құқықтық мәртебесі, мақсаттары мен
міндеттері

1. Мыналар экспортты дамыту және жылжыту жөніндегі ұлттық ұйым қызметінің
мақсаттары болып табылады:

1) экспортты дамытуды сервистік қолдаудың және ынталандырудың
институционалдық жүйесін құру;

2) экспортты ынталандыру мен қолдаудың экономикалық құралдарын іске асыру;

3) отандық тауар өндірушілердің тауар белгілерін жылжыту жүйесін құру.

2. Мыналар экспортты дамыту және жылжыту жөніндегі ұлттық ұйымның негізгі
міндеттері болып табылады:

1) экспортты дамыту мен жылжытудың инфрақұрылымын құру;

2) отандық тауар өндірушілердің экспортқа бағдарлануын дамыту.»;

10) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-бап. Сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу

1. Сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу шараларына мыналар жатады:

1) кедендік әкелу және (немесе) әкету баждарын қолдану;

2) тарифтік жеңілдіктерді қолдану;

3) тарифтік преференциялар;

4) тарифтік квоталарды қолдану.

2. Мыналар сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеудің негізгі мақсаттары болып табылады:

1) тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелудің тауарлық құрылымын ұтымды ету;

2) тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетудің және оған әкелудің ұтымды ара қатынасын ұстап тұру;

3) Қазақстан Республикасында тауарларды өндіру және тұтыну құрылымындағы озық өзгерістер үшін жағдайлар жасау;

4) Қазақстан Республикасының экономикасын импортталатын тауарлардың жағымсыз әсерінен қорғау;

5) Қазақстан Республикасының әлемдік экономикаға тиімді ықпалдасуына арналған жағдайларды қамтамасыз ету;

6) елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.»;

11) мынадай мазмұндағы 16-1-баппен толықтырылсын:
«16-1. Тарифтік квоталар

1. Тауарлардың жекелеген түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталарды ауыл шаруашылығы өндірісін ынталандыру, Қазақстан Республикасының аумағында ауыл шаруашылығы тауарларын тұтынудың қажетті көлемімен қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ халықаралық сауданы дамытуға жәрдемдесу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Оларды әкелуге қатысты тарифтік квоталар қолданылатын ауыл шаруашылығы тауарларына арналған кедендік әкелу баждарының квоташілік және квотадан тыс ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тарифтік квотаның көлемін айқындайды және сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөледі.

Тарифтік квотаның қолданылу мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Тарифтік квоталар шеңберінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауарларды әкелу мұндай тауарларды әкелуге уәкілетті орган беретін лицензиялар негізінде тауарларды еркін айналым үшін шығарудың кедендік режиміне сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілген лицензияларды беру сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың өтініштері негізінде жүзеге асырылады.

Лицензияларды беру тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.»;

12) 17-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«1) тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге тыйым салу;»;
мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:
«1-1) тауарларды әкетуді және (немесе) әкелуді сандық шектеу;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«3) тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге айрықша құқық беру;»;
мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:
«3-1) тауарларды әкетуді және (немесе) әкелуді лицензиялау;
3-2) тауарларды әкетуді және (немесе) әкелуді қадағалау;»;

2 - тармақ алып тасталсын;

13) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«18-бап. Тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге тыйым салу
мен сандық шектеу

1. Жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге тыйым салуды Қазақстан
Республикасының Үкіметі:

- 1) құқық тәртібін сақтау;
- 2) адамдардың өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін және тұтастай қоршаған ортаны қорғау;
- 3) Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың мәдени мұрасын сақтау;
- 4) мәдени құндылықтарды заңсыз әкетуден, әкелуден және оларға меншік құқықтарын беруден қорғау;
- 5) олардың ішкі өндірісі мен тұтынылуын бір мезгілде шектей отырып, орны толмас табиғи ресурстардың сарқылуын болдырмау;
- 6) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 7) халықаралық міндеттемелерді орындау;
- 8) елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігіне сүйене отырып енгізеді.

2. Жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге сандық шектеуді Қазақстан
Республикасының Үкіметі:

- 1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 2) халықаралық міндеттемелерді орындау;
- 3) отандық өндірушілерді қорғау;
- 4) басқа мемлекеттердің отандық тауарларға қатысты кемсітушілік шектеулерін қолдануына жауап шараларын енгізу қажеттілігіне сүйене отырып енгізеді.

3. Жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге сандық шектеулер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізіледі және автоматты түрде лицензиялау немесе басқа да рұқсат құжаттарын беру жолымен жүзеге асырылады.

4. Тауарларды әкелуге тыйым салу мен сандық шектеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі ішкі рыноктағы азық-түліктің немесе ішкі рынок үшін

айтарлықтай маңызды болып табылатын өзге де тауарлардың сындарлы жетіспеушілігін болдырмау немесе азайту үшін енгізеді.

Уәкілетті органның тауарларды әкетуге тыйым салу мен сандық шектеуді қолдану қажеттігі туралы қорытындысы мыналарды:

Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауардың атауын және оның кодын;

өңірдегі тауар қалдықтарын, олар болған кезде мемлекеттік резервтерді, өндіріс көлемдерін, импортты, экспортты және тұтынуды талдауға негізделген тауарды әкетуге тыйым салу мен сандық шектеуді енгізу қажеттігін растайтын ақпаратты;

тауарларды жеткізушілер туралы мәліметтерді, тауарлардың бірдейлендіру белгілерін, тасымалдаудың белгілі тәсілдерін, оларға қатысты әкетуге тыйым салу және сандық шектеу енгізу ұсынылатын тауарды анықтауға мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты;

әкетуге сандық шектеу енгізу үшін - квота мөлшерін қамтуға тиіс.

5. Сандық шектеулерді бөлуді Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады .
» ;

19 - бап алып тасталсын ;

21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«21-бап. Тауарлардың жекелеген түрлерін әкетуге және (немесе) әкелуге айрықша құқық

1. Жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге айрықша құқық тауарларды әкетуді және (немесе) әкелуді лицензиялау негізінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қауіпсіздікке, әкетуге және (немесе) әкелуге айрықша құқықты іске асыру, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны, азаматтардың меншігін, өмірі мен денсаулығын қорғау, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұғымдары бойынша лицензиялануға жататын тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Оларға қатысты әкетуге және (немесе) әкелуге айрықша құқық енгізілетін жекелеген тауарларды әкетуді және (немесе) әкелуді жүзеге асыруға арналған лицензиялар тауарларды әкету және (немесе) әкелу операцияларын кемсітпеушілік және адал коммерциялық практика принциптері негізінде жасауға міндетті, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған сауда қызметі субъектілеріне беріледі.»;

16) мынадай мазмұндағы 21-1-баппен толықтырылсын:

«21-1-бап. Тауарлардың жекелеген түрлерін әкетуді және (немесе) әкелуді қадағалау

Тауарлардың жекелеген түрлерін әкетуді және (немесе) әкелуді қадағалау мынадай шарттарды сақтау кезінде автоматты түрде лицензиялау немесе тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге рұқсаттар беру арқылы жүзеге асырылады:

1) рұқсат алу рәсімі тауарларды әкетуді және (немесе) әкелуді шектемей барынша

оңайлатылған

болуға

тиіс;

2) рұқсат уәкілетті мемлекеттік органға ұсынылған жазбаша өтініштер негізінде сыртқы сауда қызметінің кез келген қатысушыларына шектеусіз беріледі;

3) рұқсат беру туралы өтініш тауарларды кедендік ресімдегенге дейінгі жұмыс күндері берілуі мүмкін;

4) рұқсат беру мерзімі өтініші берілген күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспауға тиіс.
» ;

17) 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«28-бап. Көрме-жәрмеңкелік қызмет

1. Көрме-жәрмеңкелік қызмет рыноктың конъюнктурасын зерделеу, тауарларды сатып алу-сатуды ұйымдастыруға жәрдемдесу, шарттар жасасу мен жаңа сауда байланыстарын орнату мақсатында көрмелер мен жәрмеңкелерді ұйымдастыру жолымен жүзеге асырылады. Көрме-жәрмеңкелік қызмет тауар үлгілерін көрсетумен байланысты.

2. Жергілікті атқарушы органдар мен меншік нысанының барлық субъектілері халықаралық және республикалық маңыздылық мәртебесіне ие көрмелер мен жәрмеңкелерді өткізген жағдайда оларды өткізу көрмелер мен жәрмеңкелерді өткізу тұжырымдамасын уәкілетті органмен келісу жолымен жүзеге асырылады. Көрмелер мен жәрмеңкелерді өткізу тұжырымдамасында болжанған ұйымдық және қаржылық ресурстар мен әлеуетті қатысушылар туралы мәліметтер болуға тиіс.»;

18) мынадай мазмұндағы 31-1-баппен толықтырылсын:
«31-1-бап. Сауда қызметі субъектілерінің тізілімі

1. Сауда қызметі субъектілерінің тізілімін үлгі тізілім нысанына сәйкес сауда объектісінің басқарушысы қағаз және (немесе) электронды жеткізгіштерде жасайды және жүргізеді, ол мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

1) заңды тұлғаның толық атауы не сауда орынын жалға алу туралы шарт жасасқан жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

2) сауда қызметі субъектісінің тұрғылықты жері не заңды мекен жайы;

3) жеке басын куәландыратын, сондай-ақ мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың деректері және оны заңды тұлға не дара кәсіпкер ретінде тіркеуді жүзеге асырған органның атауы; заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі;

4) жал шартының деректемелері, сауда орнының мақсаты, оның орналасқан жері, жал мерзімі мен жалдау ақысының сомасы;

5) сауда объектісінде жұмыс істейтін сатушылардың жалпы саны.

2. Сауда қызметі субъектілерінің тізілімі және осы Заңның 32-1-бабының 2-тармағына сәйкес сауда қызметі субъектілері ұсынған мәліметтер ақпаратты жоғалтуды, бұрмалауды, қолдан жасауды болдырмауды қамтамасыз ететін шарттарда бөтен тұлғалар кіре алмайтын жерлерде сақталуға тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген мәліметтерді қоспағанда,

сауда қызметі субъектілерінің тізілімін сауда объектісін басқарушы жергілікті атқарушы органға одан әрі интернет-ресурсқа орналастыру үшін береді.

Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген мәліметтерді қоспағанда, сауда қызметі субъектілерінің тізілімі жергілікті атқарушы органға күнтізбелік жарты жыл өткен соң 45 күн ішінде ұсынылады.»;

19) мынадай мазмұндағы 32-1-баппен толықтырылсын:
«32-1-бап. Сауда қызметі субъектілерінің құқықтары мен м і н д е т т е р і

1. Сауда қызметі субъектілерінің мыналарға:

1) осы Заңға және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сауда қызметін жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына сәйкес сауда қызметін жалдамалы еңбекті пайдалана отырып жүзеге асыруға;

3) сауда қызметі субъектілерінің құқықтарын бұзуға кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту мәселелері бойынша бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жүгінуге;

4) өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге;

5) жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстарды мемлекеттік органдарға қарау үшін е н г і з у г е қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Сауда қызметінің субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сауда объектісінің басқарушысына күнтізбелік айдың аяғындағы жағдай бойынша қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде сатушылар туралы мынадай мәліметтерді:

1) жеке тұлғаның тегін, аты мен әкесінің атын (бар болса);

2) оның тұрғылықты орнын;

3) оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін;

4) азаматтық туралы деректерді, мәліметтерді;

5) жеке сәйкестендіру нөмірін беруді қамтамасыз етуге міндетті.»;

20) мынадай мазмұндағы 6-1-тараумен толықтырылсын:

«6-1-тарау. Сауда объектілерінің жабдығына, оларды ұстауға және сауда қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

32-2-бап. Сауда объектісінің жабдығына және оны ұстауға қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р

Сауда объектісін жабдықтау және оны ұстау Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мен өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

32-3-бап. Сауда қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

1. Сауда қызметін ұйымдастыру мақсатында сауда объектісін басқарушы:

1) сауда орындарын орналастыру схемасын әзірлеуге және бекітуге, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Сауда рыноктары қызметін ұйымдастыру ережесінде айқындалатын тәртіппен ұсынуды қамтамасыз етуге;

2) сауда объектісін қорғауды ұйымдастыруға және сауда объектісінде қоғамдық тәртіпті қолдауға қатысуға;

3) сауда объектісінің үлгісіне сәйкес келетін тауарларды сатуды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге;

4) сауда қызметі субъектілерінің тізілімін қалыптастыруды және жүргізді жүзеге асыруға;

5) сатушылардың және олар орналасқан сауда орындарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға;

6) сауда қызметі субъектілеріне сауда орындарын жалға беру кезінде жазбаша жалға беру шарттарын жасасуға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағының 1), 2), 5), 6) тармақшаларында көзделген талаптар осы Заңның 10-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында санамаланған сауда объектілерінің қызметіне қолданылмайды.».

3. «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар, № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар):

1) 3-баптың 3) тармақшасындағы «жекелеген тауарлардың импортын» деген сөздер алып тасталсын;

2) 38-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Экспортына немесе импортына қатысты тарифтік квоталар, сандық шектеулер, қадағалау және әкетуге және (немесе) әкелуге айрықша құқық қолданылатын тауарлар лицензиялауға жатады.»;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Лицензия өтініш берушіге әрбір жеке мәміле бойынша күнтізбелік бір жыл кезеңіне немесе ішкі нарықты қорғау мақсатында жүргізілетін талқылау аяқталғанға дейін немесе жекелеген тауарлардың экспортын немесе импортын жүзеге асыруға тарифтік квоталар, сандық шектеулер, қадағалау және айрықша құқық қолданылатын мерзім аяқталғанға дейін беріледі.»;

3) 39-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) тауарға қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі мына шаралардың бірін белгілейді:

сандық шектеу;

қ а д а ғ а л а у ;

а й р ы қ ш а қ ұ қ ы қ . » ;

4) 40-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«40-бап. Жекелеген тауарлардың импортын лицензиялау

Жекелеген тауарлардың импортын лицензиялауды Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша экспорттық бақылау саласындағы уәкілетті орган: мемлекеттің, азаматтардың өмірінің немесе денсаулығының, қоршаған ортаның қауіпсіздігі тұрғысынан және сандық шектеулерді қолданбай отандық тауар өндірушілер мен Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қорғау мақсатында ;

импортына қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі тарифтік квота, сандық шектеу, қадағалау, айрықша құқық белгілеген немесе ішкі нарықты қорғау мақсатында талқылау басталған жағдайда жүзеге асырады.»;

4) 41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«41-бап. Автоматты түрде лицензиялау

1. Автоматты түрде лицензиялау:

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша, сондай-ақ оларға қатысты тарифтік квоталар немесе сандық шектеулер қолданылатын тауарлар импортына ;

оларға қатысты әкетуге және (немесе) әкелуге айрықша құқық енгізілетін жекелеген тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге қолданылады.

2. Автоматты түрде лицензиялау кезінде өтінішті мақұлдау барлық жағдайларда беріледі .

Бұл ретте импорт операцияларын жүзеге асыру үшін импорттаушы мүшенің заңды талаптарын орындайтын кез келген тұлға импортқа лицензия алуға өтініш жасауға және оны алуға тең құқықты иеленеді.

Лицензия алуға өтініш тауарларды кедендік ресімдегенге дейін кез келген жұмыс күні берілуі мүмкін .

Лицензия алуға өтініш пен қажетті құжаттар тиісінше әрі толық нысанда ұсынылған кезде лицензия он жұмыс күні ішінде беріледі.

3. Автоматты түрде лицензиялау кезінде лицензияны беру мен ресімдеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК